

Беделбаева А.Е.^а, Калдияров Д.А., Жакипбекова С.С., Кыдырбаева Г.Т.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

Беделбаева Асель Ериковна, Калдияров Данияр Алтаевич, Жакипбекова Сауле Сотиялдиновна, Кыдырбаева Галия Турыспаевна

Жоғары мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың дене тәрбиесі

Аңдатпа. Мақала ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың, атап айтқанда, жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беру жағдайында денсаулығы шектеулі білім алушылардың дене тәрбиесі мәселелеріне арналған. Жоғары оқу орындарындағы инклюзивті практиканың шетелдік тәжірибесін зерделеу негізінде авторлар ерекше білім беру қажеттіліктері бар және денсаулығында мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды дене шынықтыру және спорт бойынша білім беру үрдісіне енгізу жолдарын ұсынды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың, оның ішінде жоғары оқу орнында оқу жағдайында денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың дене белсенділігін арттыру және білім алуға тең қолжетімділіктегі кедергілерді толық жою үшін студенттердің мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне оқу бағдарламалары мен бағалау саясатының барлық түрлерін бейімдеу қажет екені анықталды. Мақала ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған ғылыми жобаның міндеттерін орындау шеңберінде дайындалды.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері, денсаулығында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, дене тәрбиесі, дене шынықтыру, жоғары білім.

Bedelbayeva Assel Erikovna, Kaldiyarov Daniyar Altayevich, Zhakipbekova Saule Sotiyaldinovna, Kydyrbayeva Galiya Turyspayevna

Physical education of students with special educational needs in higher education

Abstract. The article is devoted to the issues of physical education of persons with special educational needs, in particular, students with disabilities in inclusive education in higher educational institutions. Based on the study of foreign experience of inclusive practice in higher educational institutions, the authors propose ways to include students with special educational needs and disabilities in the educational process of physical culture and sports. It is determined that in order to increase the physical activity of persons with special educational needs, including students with disabilities in conditions of study at a higher educational institution and to completely eliminate barriers to equal access to education, it is necessary to adapt all types of curricula and assessment policies to the capabilities and characteristics of students. The article was prepared as part of the execution of the tasks of the scientific project for grant funding for scientific and scientific-technical projects.

Key words: inclusive education, special educational needs, persons with disabilities, physical education, physical culture, higher education.

Беделбаева Асель Ериковна, Калдияров Данияр Алтаевич, Жакипбекова Сауле Сотиялдиновна, Кыдырбаева Галия Турыспаевна

Физическое воспитание обучающихся с особыми образовательными потребностями в высшей школе

Аннотация. Статья посвящается вопросам физического воспитания лиц с особыми образовательными потребностями, в частности, обучающихся с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного образования в высших учебных заведениях. На основе изучения зарубежного опыта инклюзивной практики в высших учебных заведениях, авторами предложены пути включения в образовательный процесс по физической культуре и спорту обучающихся с особыми образовательными потребностями и ограниченными возможностями здоровья. Определено, что для повышения физической активности лиц с особыми образовательными потребностями, в том числе обучающихся с ограниченными возможностями здоровья в условиях обучения в высшем учебном заведении и полного устранения барьеров в равной доступности к получению образования необходима адаптация всех видов учебных программ и политики оценивания в возможностям и особенностям студентов. Статья подготовлена в рамках исполнения задач научного проекта на грантовое финансирование по научным и научно-техническим проектам.

Ключевые слова: инклюзивное образование, особые образовательные потребности, лица с ограниченными возможностями здоровья, физическое воспитание, физическая культура, высшее образование.

Кіріспе. Қазіргі кезде Қазақстанның жоғары оқу орындарының алдында тұрған аса өзекті мәселелердің бірі – ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлерге сапалы әрі тең білім беру. Әр адам білім алуға құқылы, себебі бұл жеке тұлғаны одан әрі дамытудың және оның әлеуметтік мәртебесін көтерудің негізгі тәсілдерінің бірі. Жоғары білім алу өмір жолы мен мақсаттарын таңдау саласын кеңейтеді, рухани және материалдық тәуелсіздікке, әлеуметтік сұранысқа қол жеткізуге ықпал етеді, жеке адамның өмірін үйлестіреді, бұл әсіресе мүмкіндігі шектеулі жастар үшін маңызды. Нәтижесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлерге қолжетімді орта құру жоғары оқу орнының негізгі міндеті болып табылады және оның бәсекеге қабілеттілігіне үлкен әсер етеді. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оқу үрдісін ұйымдастыруға қойылатын қазіргі заманғы талаптарға сүйене отырып, университеттегі оқу үрдісі материалдық-техникалық қолдаумен қамтамасыз етілуі керек; қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, білім беру үрдісін ұйымдастыруға, мүмкіндігі шектеулі білімгерлерге арналған білім беру бағдарламаларын бейімдеуге, сондай-ақ білім беру үрдісін оқу-әдістемелік қолдауға, білімгерлердің денсаулығын сақтауды кешенді қолдауға қойылатын талаптар қатаң сақталуы тиіс.

Жоғары білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үдерісін ұйымдастыру мәселесіне қатысты көптеген отандық және шетелдік мамандардың, зерттеушілердің еңбектері арналған.

Британдық ғалым К.Д'Арсидің өзінің ғылыми еңбектерінде студенттердің жеке білім беру қажеттіліктерін анықтау және дұрыс бағалау, оқыту стратегиясын қайта қалыптастыру үшін жоғары мектепте оқытушылары тарапынан арнайы сауалнамалар жүргізу керектігін атап өтті [1].

Неміс ғалымы Л. Лейшите, британдық ғалымдар Р. Дим, Х. Цанаку студенттерді инклюзивті ортаға қосу мәселесіне арналған ғылыми еңбектерінде жоғары білім берудегі инклюзивтілікті дамыту мен қолдаудың ерекшеліктерін инклюзивті университет аясында қабылдау саясатынан бастап білім беру бағдарламалары деңгейіндегі оқу жоспарларын өзгерту арқылы ұйымдастыру керек деп пайымдайды [2].

Шетелдік және отандық тәжірибені ескеретін болсақ, қазіргі заманғы жағдайларда инклюзивті білім беру үрдісі туралы теориялық түсініктер сан алуандығымен ерекшеленеді. Осыған қарамастан, білім беру ұйымдарында

инклюзивті үрдістерді дене тәрбиесі арқылы мақсатты түрде дамытуға мүмкіндік беретін теориялық-әдістемелік тұжырымдар жеткіліксіз дамыған.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері – ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлерді жоғары оқу орнының білім беру үрдісіне дене тәрбиесі арқылы қосудың әлеуметтік-педагогикалық мәселелері мен мүмкіндіктерін қарастыру және зерделеу.

Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы.

Зерттеудің әдістемелік негізін жоғары мектепте инклюзивті білім беру қызметінің табиғатын ашатын психологиялық-педагогикалық тұжырымдамалар; ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларға қатысты педагогикалық қызметтің маңызды ерекшеліктерін анықтайтын зерттеулер; денсаулық жағдайында шектеулері бар балаларды дамыту бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстар; ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды әлеуметтік-педагогикалық оңалту саласындағы ғылыми жұмыстар; мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың дене тәрбиесі және оны шынықтыру бойынша отандық әрі шетел ғалымдарының еңбектері қалады.

Зерттеу міндеттерін орындау үшін ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды жоғары оқу орнында оқыту және сүйемелдеу үдерісін, білім беру бағдарламаларының бейімделуін зерделеу үшін абстракциялау, талдау, синтез, салыстыру, дедуктивті және индуктивті зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Қазақстанда жыл сайын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар саны өсіп келеді. Қазіргі уақытта мемлекет бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар саны 139887 адамды құрайды. Олардың ішінде 37 970 – мектеп жасына дейінгі балалар, 95 497 – жалпы орта білім беру мекемелерінде оқушылар, 2 900 – техникалық және кәсіптік білім алатындар және 3 520 адам жоғары оқу орындарында оқитын білімгерлер болып табылады. Бұл ретте, жоғары оқу орындарының 70%-ға жуығы ғана денсаулығында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытуға жағдай жасап, тиісті материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік бағытта бейімделген [3].

Қазақстан университеттерінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктері шектеулі студенттерді университет жағдайына бейімдеудің негізгі нысаны – оларға «барлық студенттермен тең негізде» білім беру және

тәрбиелеу жұмыстарына қатыстыру мүмкіндігін беру болып табылады. Жалпы білім беру ұйымында оқу-тәрбие үдерісінің сәттілігі ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың денсаулығының тұрақты жағдайында ғана іске асырылуы мүмкін болады. Сондықтан білім беру үрдісі студенттердің дене жағдайын диагностикалау және түзету, олардың бейімделу әлеуетін дамыту аясында өтуі керек. Жоғары оқу орындарында денсаулығында мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін дененің белсенділік пен спорттық мүмкіндіктерді кеңейтудің маңызды қажеттілігі бар [4].

Дененің белсенділікті дамыту және спорттық бағдарламаларды жүзеге асыру ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар үшін де, жалпы барлық білімгерлер үшін де бірдей маңызды. Әдетте, дененің белсенділігі жоғары және дене тәрбиесімен айналысатын мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары, дене бітімі жақсы қалыптасқан және оқу үлгерімі де жоғары болады. Олардың өздеріне деген сенімі жоғары болатындықтан, мұндай тұлғалардың орта мектепті тәмамдап, орта кәсіптік және жоғары оқу орындарына түсуге, сонымен қатар мансаптық табысқа жетуге ынтасы аса жоғары болады. Алайда отандық білім беру мекемелерінің білім беру бағдарламалары, дене тәрбиесі бойынша оқу бағдарламалары мен спорттық сауықтыру бағдарламаларында денсаулығы қалыпты тұлғалар мен денсаулығында мүмкіндігі шектеулі білімгерлерге қатысты кең таралған теңсіздіктер байқалады.

Жастардың өзіне-өзі сенімді болуы, азаматтық көзқарасы белсенді қоғам мүшелеріне айналуы үшін оларға өзін-өзі қауіпсіз сезіну әрі қоғамның барлық салаларына қосылу, түрлі ресурстарға қол жеткізу мүмкіндіктерін ұсыну қажет. Алайда, денсаулығында мүмкіндігі шектеулі жандар, негізінен, қоғамның өміріне қатысудан және осы ресурстарға толық қол жетімділіктен үнемі бас тартады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлердің, әсіресе, денсаулығында мүмкіндігі шектеулі студенттердің спортпен шұғылдану және денені сауықтыру жұмыстарына қосылудың негізгі кедергілеріне мыналар жатады:

– мүмкіндігі шектеулі білімгерлер үшін дененің белсенділігін іске асыру және спорттық мүмкіндіктерді ескеруді қамтамасыз ететін арнайы оқу бағдарламаларының немесе оларға қатысты білім беру мекемесінің ұстанымын көрсететін арнайы саясаттың болмауы;

– инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруда материалдық-техникалық ресурстардың тапшылығы және білім беру мекемелеріндегі мамандардың инклюзивті ортаны құру бойынша білімдерінің жетіспеушілігі;

– жоғары оқу орындарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлердің және олардың ата-аналарының дене шынықтыру және спорт бағдарламаларын толыққанды игеруге қол жеткізу және оқу-тәрбие үдерісіне қатысу құқықтары туралы хабардар болмауы, білім беру мекемесінің басшылығы тарапынан тұрақты ақпараттық-насихаттық жұмыстың әлсіз жүргізілуі немесе болмауы және т.б. [5].

Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың, олардың ішінде денсаулығында мүмкіндігі шектеулі білімгерлердің жоғары оқу орнында дененің белсенділігін жоғарылату және дене тәрбиесі сабақтарына қалыптағы балалармен тең қатысуына қол жеткізудегі айырмашылықтарды толығымен жою үшін бағдарламалық және саяси деңгейлерде өзгерістер енгізу қажет.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, соңғы бес жыл ішінде білім беру ұйымдарының спорт және дене шынықтыру бағдарламаларында мүмкіндігі шектеулі білімгерлердің құқықтарын ұжымдық ілгерілету бойынша көптеген жұмыстар атқарылды. Мысалы, 2008 жылы АҚШ-тың Мэриленд штатында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған «Дене тәрбиесі және спорттық әділеттілік туралы» Заң қабылданды, бұл білім беру мекемесінде мүмкіндігі шектеулі студенттерге спорт пен денені белсенділікке қалыптағы білімгерлермен тең деңгейде қол жеткізуге мүмкіндік беру міндетін шешетін алғашқы инновациялық заң деп танылады. Осы мәселе аясында штат басшылығы азаматтық құқықтар, спорт, денсаулық және дене тәрбиесі ұйымдарын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған жеңіл атлетикадағы теңдік Альянсы сияқты 100-ден астам ұйымдарын білім беру қауымдастықтарына біріктірді. Сонымен қатар, АҚШ-та 2010 жылы білімгерлердің дене тәрбиесі мен спорттық мүмкіндіктеріне кешенді зерттеу жүргізіліп, денсаулығында мүмкіндігі шектеулі балаларға спортқа қатысу бойынша білім беру мекемелерінің міндеттерін түсіндіретін нұсқаулық дайындау міндеттемесі инклюзивті фитнес коалициясына жүктелді. Бұл ұйымның негізгі міндеті – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың дене физикалық белсенділігі мен спортқа тарту үшін ұлттық үгіт-насихат қозғалысын жүргізе отырып, мүмкіндігі шектеулі білімгерлердің спорттық және дененің

белсенділік бағдарламаларына қатысуындағы кедергілерін жою. Осы ақпараттық-насихаттық жұмыстың алғашқы қадамы ретінде Джорджтаун университетінде өткізілген мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру және спорт симпозиумының ұйымдастырылуын атап өтуге болады [6].

Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру және сүйемелдеу мақсатында 1996 жылы құрылған Еуропалық ерекше қажеттіліктерге арналған білім беруді дамыту агенттігінің (EADSNE) қызметін ерекше атап өтуге болады, бұл ұйым еларалық ынтымақтастық пен білім алмасуды ынталандыру арқылы бүкіл Еуропада ерекше қажеттілігі бар тұлғаларға берілетін білім сапасын арттыру бағытта жұмыс жасайды. Жалпы, инклюзия мәселесі қазіргі уақытта Еуропада және бүкіл әлемде пікірталас туғызады, дегенмен, мүмкіндігі шектеулі балалар және қалыптағы балалардың айтарлықтай ерекшеліктері болғандықтан, олардың кейбіреулері арнайы білім беру мекемелері мен арнайы педагогиканы қажет етеді [7].

Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің дене тәрбиесі, спорттық жаттығулардың құралдары мен әдістері, оқыту нысандары мен олардың қозғалыс белсенділігін қалыптастыру жағдайларына қатысты отандық және шетелдік мамандардың зерттеулерін зерделей келе, ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлердің дене тәрбиесі технологиясын әзірлеу кезінде білім беру, сауықтыру және жаттығу міндеттерін шешуді, сондай-ақ дене шынықтыру практикасында шартты және сауықтыру оқыту қағидаттарын міндетті түрде сақтай отырып, сауықтыру технологиялары мен инновациялық бағдарламаларды енгізу қажеттілігін ескеру керек. Жаттығулар студенттердің әртүрлі нозологияларына сәйкес келуі керек және олардың дененің жұмысына қызығушылық пен оған деген ынтасын тудыруы керек.

Жоғары оқу орнында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің денесін шынықтыру және олардың спортпен шұғылдануы тыныс алу және жүрек-тамыр жүйелерінің мүмкіндіктерін кеңейтеді, ағзаның әртүрлі ауруларға жалпы төзімділігін арттырады. Сонымен қатар осы категориядағы студенттердің жеке бағалау жүйесін енгізу тәжірибелік сабақтарға деген ынтаны арттырады және оларға қол жетімді жоғары баға алуға ықпал етеді. Олардың өздеріне деген сенімділігін жоғарылату үшін ең маңызды тұжырымдамалық принциптерді бөліп көрсетуге

болады: рухани және дене дамуы, әлеуметтенуі және қоғамға ықпалдасуы [8].

Жоғары мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің дене шынықтыру үдерісін жетілдіру үшін келесі жолдар ұсынылады:

- дене шынықтыру мен сауықтыруға ынталандыру жүйесін қалыптастыру;
 - дене шынықтыру технологияларын инновациялық қамтамасыз ету;
 - дене шынықтыру және спорт туралы жан-жақты білім жүйесін қалыптастыру;
 - психофизиологиялық қажеттіліктерге, ауруларға сәйкес қозғалыс жұмысының сәйкесінше көлемін беру;
 - дене шынықтыруға және спортпен шұғылдануға білімгерлерді жан-жақты тарту;
 - рухани денсаулық қағидаттарын енгізуге және жоғалған функцияларды қалпына келтіруге бағытталған дене шынықтыру-оңалту жұмыстарын жүргізу;
 - мүмкіндігі шектеулі тұлғалар арасындағы спорттық қозғалысты дамыту;
 - республикалық, халықаралық паралимпиадалық спорт ойындарына белсенді қатыстыру;
 - жеке тазалықты және салауатты өмір салтын ұстану;
 - дене жаттығуларын орындау барысында ағзаның функционалдық жағдайын бағалау және өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру.
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлердің білім беру, дене тәрбиелеу үдерісін жетілдіру үшін келесі бағыттар ұсынылады:
- жоғары оқу орнында оқытудың барлық кезеңінде білімгердің қозғалыс әрекеттерін дамыту үшін алғышарттар жасау;
 - білімгердің нозологиясын және оның денсаулығының қазіргі жағдайын ескере отырып, сабақтардың мазмұнын және оларды өткізу әдістемесін қайта қарастыру;
 - бағалау саясатын білімгерлердің ерекшеліктеріне қарай қайта қарастыру;
 - мүмкіндігі шектеулі оқушылардың психикалық жай-күйін анықтау үшін психологиялық педагогикалық көмек көрсету;
 - жоғары оқу орнындағы барлық сабақтарды жүргізуді инклюзивті білім беру бойынша дағдыларды меңгерген кадрлармен қамтамасыз ету.
- Осылайша, дене шынықтыру сабақтарында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі білімгерлердің қозғалыс белсенділігін арттыру күрделі көп қырлы процесс екені анықталды. Бұл үрдіс жалпы және арнайы сипаттағы заңдылықтарға негізделген,

яғни дене шынықтырудың белгілі бір үдерістері, ережелері, ғылыми және әдістемелік қағидалары қолданылады. Дене тәрбиесі студенттердің дене дамуының, дененің жұмыс қабілеттілігінің және денені шынықтырудың негізі болып табылады. Бұл барлық моторлық функцияларының сипаты мен мазмұнын анықтайды [9].

Байқап отырғанымыздай, жоғары оқу орнында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі білімгерлердің дене тәрбиесі кезең-кезеңімен жүзеге асырылды:

1-ші оқу жылында: денені жаттықтыру және қозғалыс белсенділігінің жалпы деңгейін қалыптастыру;

2-ші оқу жылында: қозғалыстарды жаттықтыру және моторлық қызметті ынталандырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық тәсілдерін қолдану;

3-ші оқу жылында: қозғалыстарды жаттықтыру және моторлық қызметті интенсификациялаудың аралық нысандарын іске асыру;

4-ші оқу жылында: әртүрлі нозологиялары бар студенттердің қозғалыстарын жаттықтыру және мотор қызметін қалыптастыру.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі білімгерлердің дене тәрбиесі технологиясын қолдану келесі нәтижелерге әкеледі:

– денсаулық деңгейін арттыру және өз ағзасының мүмкіндіктерін түсіну;

– тұрақты ынталандыруды қалыптастыру және әртүрлі бағыттағы дене жаттығуларын жүйелі түрде өз бетінше орындау мүмкіндігі;

– мүмкіндігі шектеулі білімгерлердің дене шынықтыруын қалыптастыру;

– салауатты өмір салтына баулу және өмір сүру жағдайларына дайындықты қалыптастыру;

– таңдалған кәсіптің білім беру және біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестік;

– өзін-өзі дамытуға жәрдемдесу, денсаулық жағдайына байланысты дене шынықтыру мен спорт түрін анықтау.

Қорытындылар. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде келесі қорытындылар шығаруға болады:

Қазіргі кезде отандық жоғары оқу орындарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі студенттерге кедергісіз білім беру және тәрбиелеу үдерісі іске асырылуда. Жоғары оқу орнында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттердің денесін шынықтыру және олардың спортпен

шұғылдануы тыныс алу және жүрек-тамыр жүйелерінің мүмкіндіктерін кеңейтеді, ағзаның әртүрлі ауруларға жалпы төзімділігін арттырады. Алайда отандық білім беру мекемелерінің білім беру бағдарламалары, дене тәрбиесі бойынша оқу бағдарламалары мен спорттық сауықтыру бағдарламаларында денсаулығы қалыпты тұлғалар мен денсаулығында мүмкіндігі шектеулі білімгерлерге қатысты кең таралған теңсіздіктер байқалады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлердің, әсіресе, денсаулығында мүмкіндігі шектеулі студенттердің спортпен шұғылдану және денені сауықтыру жұмыстарына қосылудың негізгі кедергілеріне олардың қажеттіліктеріне қатысты бейімделген арнайы оқу бағдарламаларының немесе білім беру мекемесінің ұстанымын көрсететін арнайы саясаттың болмауы, инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруда материалдық-техникалық ресурстардың тапшылығы, білім беру мекемелеріндегі мамандардың инклюзивті ортаны құру бойынша білімдерінің жетіспеушілігі, жоғары оқу орындарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлердің және олардың ата-аналарының дене шынықтыру және спорт бағдарламаларын толыққанды игеруге қол жеткізу және оқу-тәрбие үдерісіне қатысу құқықтары туралы хабардар болмауы сияқты мәселелер себеп болады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың, олардың ішінде денсаулығында мүмкіндігі шектеулі білімгерлердің жоғары оқу орнында дене белсенділігін жоғарылату және дене тәрбиесі сабақтарына қалыптағы балалармен тең қатысуына қол жеткізудегі айырмашылықтарды толығымен жою үшін бағдарламалық және саяси деңгейлерде өзгерістер енгізу қажет.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білімгерлердің білім беру, денені тәрбиелеу үдерісін жетілдіру үшін жоғары оқу орнында оқытудың барлық кезеңінде білімгердің қозғалыс әрекеттерін дамыту үшін алғышарттар жасау, білімгердің нозологиясын және оның денсаулығының қазіргі жағдайын ескере отырып, сабақтардың мазмұнын және оларды өткізу әдістемесін қайта қарастыру, бағалау саясатын білімгерлердің ерекшеліктеріне қарай қайта қарастыру, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың психикалық жай-күйін анықтау үшін психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, жоғары оқу орнындағы барлық сабақтарды жүргізуді инклюзивті білім беру бойынша дағдыларды меңгерген кадрлармен қамтамасыз ету қажет.

Әдебиеттер

- 1 D’Arcy K. The complexities of teaching ‘inclusion’ in higher education // Journal of Pedagogic Development. – 2014. – №3(2). – P. 3-17.
- 2 Liudvika Leišytė, Rosemary Deem, Charikleia Tzanakou. Inclusive Universities in a Globalized World // Social Inclusion. – 2021. – Volume 9, Issue 3. – P. 1–5.
- 3 Қазақстанда ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 139 887 адам тұрады. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы.– Қатынау режимі: <https://primeminister.kz/ru/nemon-rk-v-kazhstane-prozhivayut-139887-chelovek-s-osobymi-obrazovatelnyimi-potrebnostyami-211499> (02.12.2020).
- 4 Беделбаева А.Е., Кыдырбаева Г.Т. Развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан как одно из приоритетных направлений государственной политики // Сборник статей III-Всероссийской методико-практической конференции. – Петрозаводск, 2021. – С. 8-12.
- 5 Токкулинова Г.К., Беделбаева А.Е., Исажанова А.Н. Дене шынықтыру және спорт мамандарын инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге даярлаудың ерекшеліктері // Теория и методика физической культуры. – 2021. – № 3 (65). – Б. 6-11.
- 6 IFC Policy Briefing. 2011-2012 Policy Briefing Document, available from: http://incfit.org/files/IFC%20Policy%20Briefing%202011_2012.pdf
- 7 Морозов А.А., Окатенко К.В., Антихович Ж.С. Особенности проведения занятий по физической культуре в вузе со студентами, имеющими ограниченные возможности здоровья // Экономика XXI века: инновации, инвестиции, образование. – 2022. – Т. 10. – № 6. – С. 184-186.
- 8 Чедова Т.И. Физическая культура. Инклюзивное образование: физическая культура как ресурс для реализации инклюзии в высшем образовании: учебно-методическое пособие. – Пермь, 2021. – 167 с.
- 9 Фролова И.Д. Адаптивная физическая культура в формировании здоровья у подростков с ограниченными возможностями здоровья // Вестник науки и образования. – 2020. – № 10-1 (88). – С. 75-79.

References

- 1 D’Arcy K. The complexities of teaching ‘inclusion’ in higher education // Journal of Pedagogic Development. – 2014. – №3(2). – P. 3-17.
- 2 Liudvika Leišytė, Rosemary Deem, Charikleia Tzanakou. Inclusive Universities in a Globalized World // Social Inclusion. – 2021. – Volume 9, Issue 3. – P. 1–5.
- 3 Kazakstanda erekshe bilim beriluine kazhettiligi bar 139 887 adam turady. Kazakstan Respublikasy Prem’er-Ministrinin resmi akparattyk resursy. – Katynau rezhimi: <https://primeminister.kz/ru/nemon-rk-v-kazhstane-prozhivayut-139887-chelovek-s-osobymi-obrazovatelnyimi-potrebnostyami-211499> (02.12.2020).
- 4 Bedelbaeva A.E., Kydyrbaeva G.T. Razvitie inkluzivnogo obrazovaniya v Respublike Kazahstan kak odno iz prioritetnykh napravleniy gosudarstvennoy politiki // Sbornik statej III-Vserossijskoj metodiko-prakticheskoy konferencii. – Petrozavodsk, 2021. – S. 8-12.
- 5 Tokkulina G.K., Bedelbaeva A.E., Isazhanova A.N. Dene shynykturu zhəne sport mamandaryn inkluzivti bilim beru ortasynda zhumys isteuge dayarlaudyn erekshelekteri // Teoriya i metodika fizicheskoy kul’tury. – 2021. – № 3 (65). – B. 6-11.
- 6 IFC Policy Briefing. 2011-2012 Policy Briefing Document, available from: http://incfit.org/files/IFC%20Policy%20Briefing%202011_2012.pdf
- 7 Morozov A.A., Okatenko K.V., Antihovich ZH.S. Osobennosti provedeniya zanyatij po fizicheskoy kul’ture v vuze so studentami, imeyushchimi ogranichennye vozmozhnosti zdorov’ya // Ekonomika XXI veka: innovacii, investicii, obrazovanie. – 2022. – T. 10. – № 6. – S. 184-186.
- 8 Chedova T.I. Fizicheskaya kul’tura. Inkluzivnoe obrazovanie: fizicheskaya kul’tura kak resurs dlya realizacii inkluzii v vysshem obrazovanii: Uchebno-metodicheskoe posobie. – Perm’, 2021. – 167 s.
- 9 Frolova I.D. Adaptivnaya fizicheskaya kul’tura v formirovanii zdorov’ya u podrostkov s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov’ya. Vestnik nauki i obrazovaniya. – 2020. – № 10-1 (88). – S. 75-79.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Беделбаева Асель Ериковна – Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның үйлестірушісі, магистр, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті; Талдықорған қ., Қазақстан. e-mail: aselya.mukatova@mail.ru	Беделбаева Асель Ериковна – координатор комиссии по обеспечению качества, магистр; Жетісуский университет им. И. Жансүгірова; г. Талдықорған, Казахстан e-mail: aselya.mukatova@mail.ru	Bedelbayeva Assel Erikovna – Coordinator of the Commission for Quality Assurance, Master’s degree, Zhetysu University named after I. Zhansugurov; Taldykorgan, Kazakhstan. e-mail: aselya.mukatova@mail.ru